«6D030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған Абзалбекова Марал Тлеугабыловнаның «Қылмыстық процестегі сот шешімдерінің негізділігі және уәжділігі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	**Сәйкес келеді**
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	М.Т. Абзалбекованың «Қылмыстық процестегі сот шешімдерінің негізділігі және уәжділігі» атты диссертациялық жұмысы ҚР мемлекеттік бағдарламалары мен ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді. Сонымен қатар диссертация келесі стратегиялық және салалық мемлекеттік құжаттарға толық сәйкес келеді: – Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасы; – «Қазақстан – 2050» стратегиясы; – 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары; – 2023–2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	

			киберқауіпсіздік саласын дамыту тұжырымдамасы; – 2024–2029 жылдарға арналған жасанды интеллектті дамыту тұжырымдамасы. «Қылмыстық процестегі сот шешімдерінің негізділігі мен уәжділігі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасында сот төрелігінің сапасын арттыруға, құқық үстемдігін қамтамасыз етуге және адам құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіруге бағытталған ғылымды дамытудың басым бағыттарына толық сәйкес келеді. М.Т. Абзалбекованың диссертациясы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеу» бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу барысында сот шешімдерінің негізділігі мен уәжділігі категорияларының құқықтық табиғаты, олардың қылмыстық іс жүргізудегі орны мен рөлі кешенді түрде талданған. Автор алғаш рет отандық қылмыстық-процессуалдық ғылым аясында сот

			актілерінің уәжділік деңгейін бағалаудың өлшемдік критерийлерін әзірлеп, оларды теориялық тұрғыдан негіздейді. Бұл ғылыми тұжырымдар сот актілерінің сапасын арттыру, апелляциялық және кассациялық бақылаудың тиімділігін күшейту, сондай-ақ сот төрелігінің ашықтығы мен болжамдылығын қамтамасыз ету мәселелерін жаңа қырынан пайымдауға мүмкіндік береді. Диссертация нәтижелері қылмыстық процесс теориясын толықтырып қана қоймай, сот шешімдерінің негізділігі мәселесін дербес ғылыми проблема ретінде қалыптастыруға ықпал етеді, бұл оны қазіргі құқықтық ғылым үшін өзекті әрі құнды зерттеу қатарына жатқызады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыс толық көлемде ізденушінің өз бетінше жүргізген ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижесі болып табылады. Зерттеудің құрылымы, логикасы, ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары автордың дербес ғылыми көзқарасын, құқықтық талдау қабілетін және мәселені терең меңгергенін көрсетеді.

			Диссертацияда пайдаланылған дереккөздерге жасалған талдау, шетелдік және отандық тәжірибені салыстыру, сондай-ақ сот тәжірибесіне негізделген қорытындылар механикалық көшіру сипатында емес, авторлық ғылыми интерпретация арқылы берілген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: **1) негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық зерттеудің өзектілігі автор тарапынан жан-жақты және жеткілікті деңгейде негізделген. Қылмыстық процестегі сот шешімдерінің негізділігі мен уәжділігі сот төрелігінің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз етудің басты кепілі болып табылады. Қазіргі кезеңде сот актілерінің сапасына, олардың дәлелділігі мен түсініктілігіне қойылатын талаптардың артуы, сондай-ақ апелляциялық және кассациялық тәртіпте сот шешімдерінің жиі өзгертілуі немесе күшінің жойылуы аталған мәселенің ғылыми және практикалық маңызын айқындайды. Автор Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасын, сот тәжірибесін және халықаралық стандарттарды талдау арқылы зерттеу

			тақырыбының өзектілігін негіздеп, бұл мәселенің отандық құқық ғылымында жеткілікті деңгейде жүйелі зерттелмегенін дәлелдейді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертациялық жұмыстың мазмұны таңдалған тақырыпты толық көлемде айқындайды және оның негізгі аспектілерін жан-жақты ашады. Жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Әрбір бөлім қылмыстық процестегі сот шешімдерінің негізділігі мен уәжділігі мәселесінің белгілі бір қырын ашуға бағытталған және жалпы зерттеу логикасына бағындырылған. Диссертация мазмұны зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді және оның теориялық әрі практикалық шеңберін нақты айқындайды.
		1) айқындайды;	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен одан туындайтын міндеттер диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді және өзара логикалық байланыста айқындалған. Автор зерттеудің негізгі мақсатын сот шешімдерінің негізділігі мен уәжділігінің құқықтық табиғатын
		1) сәйкес келеді;	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	

			ашу, оларды бағалаудың теориялық және қолданбалы тетіктерін әзірлеу ретінде нақты белгілеген. Қойылған міндеттер зерттеу мақсатына жетуге бағытталған және диссертацияның құрылымында дәйекті түрде шешімін тапқан, бұл зерттеу жұмысының жүйелілігін көрсетеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен негізгі ережелері өзара тығыз логикалық байланыста құрылған. Теориялық талдаудан практикалық ұсынымдарға дейінгі ғылыми желі сақталған. Әрбір тарауда алынған ғылыми тұжырымдар келесі бөлімдерде дамытылып, қорытындыда жинақталады. Мұндай құрылым зерттеу нәтижелерін біртұтас ғылыми еңбек ретінде қабылдауға мүмкіндік береді және диссертацияның ішкі бірлігін қамтамасыз етеді.
		1) толық байланысқан;	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автор ұсынған ғылыми жаңалықтар жеткілікті деңгейде дәлелденген және бұрынғы ғылыми тұжырымдармен салыстыра отырып бағаланған. Сот актілерінің уәжділік деңгейін бағалау критерийлері, әдістемелік
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	

		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	тәсілдер отандық және шетелдік зерттеулермен салыстырылып, олардың артықшылықтары мен қолдану мүмкіндіктері негізделген. Бұл ұсыныстардың жүйелі ғылыми ізденістің нәтижесі екенін көрсетеді.
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертациялық зерттеуде алынған ғылыми нәтижелер мен қорғауға ұсынылатын ережелер ғылыми жаңашылдығымен сипатталады. Диссертацияда отандық қылмыстық-процессуалдық ғылымда алғаш рет қылмыстық процестегі сот шешімдерінің негізділігі мен уәжділігі ұғымдары кешенді түрде талданып, олардың мазмұны нақтыланған, сондай-ақ сот актілерінің уәжділік деңгейін бағалаудың авторлық критерийлері ғылыми тұрғыдан негізделген. Ұсынылған ғылыми ережелер бұрын белгілі болған ғылыми көзқарастарды қайталамай, қазіргі қылмыстық сот өндірісінің жай-күйі мен Қазақстан Республикасының сот тәжірибесін ескере отырып, оларды дамытады және нақтылайды.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертациялық зерттеудің қорытындылары дербес әрі түпнұсқалық

		1) толығымен жаңа;	сипатқа ие. Олар заңнаманы, сот тәжірибесін және ғылыми дереккөздерді кешенді талдау, сондай-ақ эмпириялық материалдарды қорыту негізінде тұжырымдалған. Автор жасаған қорытындылар қылмыстық процестегі сот шешімдерінің сапасын жаңа қырынан бағалауға мүмкіндік беріп, уәжділік пен негізділіктің әділ сот төрелігін қамтамасыз етудегі рөлін терең түсіндіреді.
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Зерттеу жұмысында сот шешімдерінің сапасын арттыруға бағытталған жаңа әдістемелік және ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдер ұсынылған. Атап айтқанда, сот актілерінің уәжділік деңгейін бағалау критерийлері әзірленіп, оларды сот тәжірибесіне және судьяларды даярлау жүйесіне енгізу жөнінде ұсынымдар берілген. Аталған шешімдер ғылыми тұрғыдан негізделген, зерттеу нәтижелерінен қисынды түрде туындайды және құқық қолдану мен оқу-әдістемелік қызметте пайдалануға жарамды.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертацияда жасалған негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан негізделген және теориялық талдау, сот тәжірибесін зерделеу, сондай-ақ отандық және шетелдік тәжірибені салыстыру нәтижелерімен расталған. Қорытындылар зерттеудің мақсаты мен міндеттерінен қисынды түрде туындап, диссертация мазмұнымен толық үйлеседі.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; **2) жоқ;** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? **1) ия;** 2) жоқ;	1 .«Негізділік» пен «уәжділікті» құқықтық тұрғыда айқын ажыратуды бекіту. Зерттеу нәтижесі бойынша қылмыстық сот актісінің негізділігі – дәлелдемелердің жеткіліктілігі мен қолданылған құқық нормаларына сәйкестігі, ал уәжділігі – қабылданған шешімді логикалық және дәйекті түрде түсіндіру міндеті екені дәлелденді. Осы авторлық ажырату және өлшем-критерийлер жүйесі (жекелеген және жиынтық критерийлер) ұлттық практикада әдістемелік база ретінде қолданылсын: соттарға, прокуратураға және қорғаушыларға арналған түсіндірме материалдарға енгізілу ұсынылды.

		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 кең 7.5 ия 2. 12 индикаторлы контент-талдау әдістемесін ұлттық мониторинг құралы ретінде енгізу. Қосымша А-дағы кодтау схемасы көмегімен талдаудан 2019–2024 жж. үкім-қаулыны өтті және сот актілерінің сапасын сандық түрде бағалауға жарамды екенін көрсетті. Әдістеме бірыңғай стандарт ретінде бекітіліп, жыл сайынғы республикалық шолулар мен өңірлік бенчмарк үшін пайдаланылсын; деректердің қайталанымдылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында кодбук пен есеп беру форматы унификациялау ұсынылды. 7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 кең 7.5 ия 3. Эмпириялық анықталған жүйелік олқылықтарды (37%/18%) қысқартуға бағытталған нысаналы шаралар. Бірінші
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) кең	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	

			саты істерінің 37%-ында негізгі қарсы уәждерге жауап берілмейтіні, апелляцияда үкімдердің 18%-ы дәл осы негізде бұзылатыны, сондай-ақ өңірлік айырма (Қарағанды обл. – 24% vs Алматы қ. – 11%, p<0,05) айқындалды. Сот сараптамалық кеңестері мен сапа кеңестері деңгейінде check-list және «қарсы уәж картасы» міндетті қолданылсын; апелляцияға дейінгі ішкі сараптамада уәжділік бойынша минималды талап орындалмаған актілер кері қайтарылу үшінші тұжырым ретінде зерттелген. 7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 кең 7.5 ия 4. ҚПК-ні мақсатты жетілдіру (31, 388, 395–397-баптар). Кодекске «шешімнің уәжділігі» ұғымын және оны сақтамаудың процессуалдық салдарын тікелей енгізу ұсынылады. Үкім/қаулыда міндетті түрде: (а) әр дәлелдемеге жекелей баға; (ә) қорғау уәждеріне нысаналы жауап; (б) жазаны даралаудың нақты негіздері көрсетілсін.

			Апелляциялық сүзгі үшін «уәжсіздік — бұзу (немесе қайтару) негізі» нормасы айқын бекітілу зерттелген. 7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 кең 7.5 ия 5. Сот актісінің модельдік құрылымын (IRAC) енгізу. Қылмыстық үкім/қаулы мәтіні төрт бөлімнен тұратын IRAC үлгісімен біріздендірілсін: Іс мән-жайы → Қолданылатын құқық → Дәлелдемелер мен қарсы уәждерді талдау → Қорытынды. Пилоттық апробация уәжділік индексінің 1,38-ден 1,71-ге өскенін көрсетті; үлгі Жоғарғы Соттың әдістемелік ұсынымының қосымшасы ретінде бекітілсін және sud.kz платформасындағы шаблондарға енгізілсін. 7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 кең 7.5 ия 6. Сапаны тұрақты бағалайтын KPI-жүйе мен құрылым құру. ЖС жанынан

			тұрақты сапа мониторингі бөлімшесі құрылсын; бағалау матрицасының негізгі метрикалары: «Уәжділік индексі», «Қарсы уәжге жауап көрсеткіші», «Апелляцияда күшінде қалу үлесі». KPI өңірлік және инстанциялық деңгейде жарияланып, тәуекел-карталар қалыптастырылсын; нәтижелері судьялардың оқыту жоспарларымен және әдістемелік кері байланыспен байланыстырылсын. 7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 кең 7.5 ия 7.Құзыреттілік-негізді оқу стандарттары, менторлық және CLE жүйесі. Судьялар, прокурорлар және қорғаушылар үшін оқу модульдері енгізілсін: үкім жазу техникасы; дәлелдемені бағалау; адам құқықтары (ЕАҚС/БҰҰ АК №32); сот риторикасы. Әр өңірде тәлімгерлік (менторлық) институты күшейтіліп, үздіксіз кәсіби даму (CLE) үшін жылдық ұпайлық талап бекітілсін; портфолио-бағалау уәжділік сапасымен (KPI) байланыстырылсын.

			7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 кең 7.5 ия
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Зерттеу әдіснамасын таңдау негізделген және диссертацияда нақты әрі жүйелі түрде баяндалған. Қолданылған әдістер зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді және алынған ғылыми нәтижелердің дәйектілігін қамтамасыз етеді.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	**1) ия;**	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық зерттеу нәтижелері ғылыми танымның заманауи әдістерін қолдану негізінде алынған. Зерттеу барысында деректерді жинау, өңдеу және талдау процестерінде қазіргі ақпараттық технологиялар пайдаланылып, олардың нәтижелері ғылыми тұрғыдан негізделген. Бұл өз кезегінде зерттеу қорытындыларының объективтілігі мен сенімділігінің жоғары деңгейде екендігін көрсетеді.
		1) ия;	
		2) жоқ.	

		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертацияда ұсынылған теориялық қорытындылар мен ғылыми тұжырымдар сот практикасын, құқық қолдану тәжірибесін және эмпирикалық материалдарды талдау нәтижелерімен негізделген. Зерттеу барысында алынған нәтижелер нақты деректермен расталып, олардың ғылыми негізділігі мен сенімділігін дәлелдейді. Бұл өз кезегінде жұмыстың теориялық және практикалық маңызын айқындайды.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық жұмыста жасалған қорытындылар мен ғылыми ережелер тиісті ғылыми әдебиеттерге, нормативтік құқықтық актілерге және сот практикасы материалдарына негізделген. Пайдаланылған дереккөздердің жеткілікті көлемі мен сапасы автор ұсынған тұжырымдардың ғылыми негізділігі мен сенімділігін растайды, сондай-ақ зерттеудің жоғары теориялық деңгейде орындалғанын көрсетеді.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбын ашу үшін жеткілікті болып табылады және отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін, нормативтік

			құқықтық актілерді және ресми дереккөздерді қамтиды.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңыздылығы зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелердің қылмыстық-процестік құқық ғылымын одан әрі дамытуға бағытталуымен айқындалады. Автор сот шешімдерінің негізділігі мен уәжділігіне қатысты ғылыми түсініктерді кеңейтіп, аталған мәселенің теориялық аспектілерін тереңдете түскен. Зерттеу қорытындылары осы бағыттағы кейінгі ғылыми ізденістерге әдіснамалық және теориялық негіз бола алады.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертациялық жұмыс практикалық маңызға ие, ал алынған нәтижелерді сот тәжірибесінде, судьяларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесінде, сондай-ақ заң жоғары оқу орындарының оқу процесінде қолдану мүмкіндігі жоғары.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертацияда ұсынылған практикалық сипаттағы ұсыныстар өзектілігімен және тәжірибелік маңыздылығымен ерекшеленеді. Автор әзірлеген ұсынымдар сот қызметінің тиімділігін арттыруға, сот шешімдерінің сапасын
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			жақсартуға және құқық қолдану практикасын жетілдіруге бағытталған. Зерттеу нәтижелері негізінде тұжырымдалған ұсыныстар нақты тәжірибелік қажеттіліктерді ескере отырып әзірленген және оларды құқық қолдану қызметінде пайдалану мүмкіндігі жеткілікті деңгейде негізделген. Осыған байланысты аталған ұсынымдар құқық қорғау және сот органдарының қызметінде, сондай-ақ құқықтық реттеуді жетілдіру барысында қолданылуы мүмкін
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыстың жазылу және рәсімделу сапасы оң бағалауға лайық. Зерттеу жұмысы ғылыми еңбектерге қойылатын құрылымдық, мазмұндық және техникалық талаптарға сәйкес орындалған. Жұмыстың тілі ғылыми стильде баяндалған, материалды ұсыну жүйелілігі сақталған және ресімдеу сапасы белгіленген талаптарға толық жауап береді.
11.	Диссертацияға ескертулер	Диссертациялық жұмысқа қатысты ескертулер мен кемшіліктер жоқ.	Диссертациялық жұмысқа қатысты принципті ескертулер мен кемшіліктер анықталған жоқ. «Қылмыстық процестегі сот шешімдерінің негізділігі және уәжділігі» тақырыбындағы

			диссертациялық жұмысы жоғары ғылыми-теориялық және практикалық деңгейде орындалған. Зерттеу мазмұны жағынан тұтас, логикалық тұрғыдан жүйелі әрі әдіснамалық негізділігімен ерекшеленеді. Автор сот шешімдерінің негізділігі мен уәжділігінің құқықтық табиғатын жан-жақты талдап, ұлттық заңнама мен құқық қолдану тәжірибесінің өзекті мәселелерін кешенді түрде қарастырған. Сонымен қатар, сот төрелігін жүзеге асыру тәжірибесінің даму үрдістерін ескере отырып, зерттеудің жекелеген бағыттарын одан әрі тереңдету мүмкіндігі бар екендігін атап өткен жөн. Атап айтқанда, сот шешімдерінің негізділігі мен уәжділігіне қойылатын талаптардың кейбір теориялық аспектілерін қосымша нақтылау, сондай-ақ зерттеу нәтижелерін кеңейтілген эмпирикалық және статистикалық материалдармен толықтыру жұмыстың ғылыми құндылығын одан әрі арттыра түсер еді. Жалпы алғанда, аталған ұсыным диссертациялық жұмыстың ғылыми деңгейіне, мазмұндық тұтастығына, қорытындыларының

			негізділігіне және қорғауға ұсынылуына ешқандай әсер етпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Ұсынылып отырған зерттеу нәтижелері автордың ғылыми қызығушылықтарының негізгі бағытына толықтай сәйкес келеді және ұзақ уақыт бойы жүргізілген жүйелі ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесі болып табылады. Диссертацияның негізгі қағидалары білім беру бағдарламасын игеру барысында жарияланған 14 ғылыми мақалада өз көрінісін тапқан. Атап айтқанда, олардың 2-еуі — Scopus дерекқорына енген рецензияланатын ғылыми журналдарда, 4-еуі — Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, ал 8-і — халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинақтарында жарияланған.	
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының талаптарына толық сәйкес келеді. Қорғауға ұсынылған ережелер айқын тұжырымдалған және тараулардың мазмұнында дәлелденіп, зерттеу әдіснамасы мен дереккөздік базасы жеткілікті, салыстырмалы талдау нәтижелері ұлттық құқыққа бейімделген қолданбалы шешімдерге ұласқан. Апробация нәтижелері негізгі тұжырымдардың ғылыми жарияланымдарда жарияланғанын көрсетеді. Осыған байланысты «Қылмыстық процестегі сот шешімдерінің негізділігі және уәжділігі» тақырыбындағы орындалған диссертациялық жұмыс PhD дәрежесін беруге қойылатын талаптарға сәйкес келеді деп есептеймін және Абзалбекова Марал Тлеугабыловнаға «6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.	

Ресми рецензент:
Астана қаласы Esil University
Құқық кафедрасының меңгерушісі з.ғ. к. **Қалиев Асқар Қадырұлы**

ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН
Қызметкерлер басқармасының бастығы
20 ж.